

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді
2025 ж. «14» ақпан № 215 хаттама

**«Samruk-Kazyna Construction» АҚ аудиторлық
ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты**

Астана, 2025

1. Жалпы ережелер

1. «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ның аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатының (бұдан әрі - Саясат) мақсаты Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда) тарту бойынша тиімді қызметті ұйымдастыру, Аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін Аудиторлық ұйымды тарту бойынша біріздендірілген рәсімдерді енгізу, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) аудиторларының Аудиторлық және Аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде тәуелсіздік мәртебесінің сақталауын қамтамасыз ету және мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.

Қоғамда Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту процесі осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес Тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

2. Саясатта көзделген негізгі ережелер Қоғамға белгілі бір Аудиторлық және Аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін Аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірмей, Аудиторларды тартуға мүмкіндік береді.

3. Саясатта үнемі қолданылуы және сақталуы тиіс бірқатар жетекшілік нұсқаулар мен рәсімдер бар.

4. Осы Саясатта пайдаланылатын анықтамалар мен қысқартулар:

Аудитор	- жасалған шарт негізінде «Самұрық-Қазына» АҚ нысандарына сәйкес дайындалған, Қоғамның Қаржылық есептілігінің аралық пакетіне шолу жүргізуді қоса алғанда, Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызмет көрсететін аудиторлық ұйым.
Аудиторлық ұйым	- аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған және кәсіби ұйымның мүшесі болып табылатын коммерциялық ұйым (аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар аудиторлық ұйымдардың аудиторлық қызметпен айналысу құқығы бар).

Аудиторлық қызметтер	- «Самұрық-Қазына» АҚ нысандарына сәйкес дайындалған Қоғамның Қаржылық есептілігінің аралық пакетіне шолу жүргізуді қоса алғанда, Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізу бойынша көрсететін қызметтер.
"Аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер" витринасы	-топтың аудиторлық ұйымдары көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша ақпарат жинау процесін автоматтандыруға арналған SAP бағдарламалық қамтамасыз ету базасындағы қордағы басқарушылық есептілік жүйесінің процестерін автоматтандыруға арналған Қордың ақпараттық жүйесінің бөлігі (кіші жүйесі).
Топ	Қоғам және оның еншілес ұйымдары.
Заң	«Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексі	- Халықаралық бухгалтерлер федерациясының Бухгалтерлерге арналған әдеп стандарттары комитеті шығарған кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп талаптарының (әдеп стандарттарының) жинағы.
Мүдделер қақтығысы	– аудиторлық ұйымның мүдделілігі оның аудиттелетін субъектінің қаржылық есептілігінің дұрыстығы туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай.
Аудиторлық емес қызметтер	- Аудитор көрсететін, «Самұрық-Қазына» АҚ нысандарына сәйкес дайындалған Қоғамның қаржылық есептілігінің аудиті және/немесе қаржылық есептілігінің пакетіне аралық аудиторлық шолу болып табылмайтын қызметтер.

Жауапты құрылымдық бөлімше	- бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті дайындауға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі.
Есепті жыл	- 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі қаржы жылы.
Басқарма	- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқармасы.
Ішкі аудит қызметі	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Ішкі аудит қызметі.
Директорлар кеңесі	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесі.
Аудит жөніндегі комитет	- "Samruk-Kazyna Construction" АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті.
Шектеу сомасы	- Аудитор көрсететін аудиторлық емес қызметтерге арналған шығыстардан аспауға тиіс, алдыңғы қатарынан үш есепті жылда Аудитор Қоғамға көрсеткен Аудиторлық қызметтерге арналған шығыстардың орташа сомасының 50%-ынан аспайтын әрбір Есепті жылға арналған есептік сома. Егер Аудитор топқа үш жылдан кем аудиторлық қызмет көрсетсе, онда аудиторлық қызметтерге жұмсалатын шығыстардың орташа сомасы қызмет көрсетудің нақты кезеңіне қарай есептеледі.
Қор және/немесе Бас компания	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы.

2. Аудиторды таңдау

5. Аудиторды таңдау рәсімі "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде "Самұрық-Қазына" АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен

тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Аудиторлық емес қызметтерді жіктеу

6. Аудитор Топқа белгілі бір Аудиторлық емес қызметтерді ұсына алады. Бұл ретте, Қоғам Аудитпен байланысты емес белгілі бір қызметтерді ұсыну және Аудиторлық емес қызметтер үшін сыйақы деңгейі Мүдделер қақтығысына немесе объективтіліктің нақты/болжамды жоғалуына әкелуі мүмкін деп санайды.

7. Аудиторлық ұйымның әлеуетті қызметтерінің әрқайсысы мынадай санаттардың біріне жіктелген:

А-санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін және Аудитор Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ұсынуы тиіс аудиторлық емес қызметтер. А-санатындағы Аудиторлық емес қызметтер Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып көрсетіледі. А-санатындағы Аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 10-тармағында көрсетілген Шектеу сомасын сақтауды талап етпейді.

В-санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке әсер етуі мүмкін және Аудитор Заңға сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып ұсынуы мүмкін Аудиторлық емес қызметтер. В-санатындағы Аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 10-тармағында көрсетілген Шектеу сомасын сақтауды талап етеді.

С-санаты: Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздіктен айырылуға алып келетін және Заңға және Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексінде көзделген басқа да шектеулерге сәйкес тыйым салынған қызметтер болып саналатын Аудиторлық емес қызметтер.

8. А және В-санаттарына жататын қоғамға/қоғамның еншілес ұйымына Аудиторлық емес қызметтер көрсету үшін Аудитор аудит жөніндегі комитеттің рұқсатын алуға міндетті.

9. Аудитор Есепті жыл ішінде Топқа көрсеткен В-санатындағы Аудиторлық емес қызметтер үшін шығыстардың жалпы сомасы Аудитор алдыңғы қатарынан үш есепті жыл ішінде Топқа көрсеткен Аудиторлық қызметтерге арналған шығыстардың орташа сомасының 50%-ы ретінде есептелетін Шектеу сомасынан аспауға тиіс. Егер Аудитор топқа үш жылдан кем аудиторлық қызмет көрсетсе, онда аудиторлық қызметтерге жұмсалатын

шығыстардың орташа сомасы қызмет көрсетудің нақты кезеңіне қарай есептеледі.

10. С-санаты бойынша қызмет көрсету үшін Қоғам оған міндетті аудитті жүзеге асыратын Аудиторлық ұйымды тартпайды.

4. Санаттар бойынша аудиторлық емес қызметтердің тізбесі

11. А-санатындағы Аудиторлық емес қызметтерге мынадай:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті немесе реттеуші органдар талап ететін есептілік;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін ішкі қаржылық бақылау туралы есептілік;
- құзыретті немесе реттеуші органдар талап ететін немесе егер құзыретті немесе реттеуші орган қызмет көрсету үшін Аудиторды белгілесе немесе Қоғамға/еншілес ұйымға осы қызметтерді көрсету үшін Аудиторды таңдау керек деп көрсетсе, осындай органдарға ұсынылатын есептер;
- мұндай қызметтерді көрсету уақыты қатаң шектелген кезде, мұндай қызметтер бағаға тәуелді болған кезде және бейтарап, әділ және хабардар етілген үшінші тарап қаржылық есептілік аудитінің мақсаттары үшін Аудитордың Қоғам/еншілес ұйым қызметін түсінуі осы қызмет үшін маңызды екені және қызметтің сипаты Аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтіні туралы қорытындыға келген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін міндеттемелерді орындауда Қоғамға/еншілес ұйымға көмек көрсетуге тиіс қызметтер жатады.

12. В-санатындағы Аудиторлық емес қызметтерге мынадай:

- кредиттік келісімдер бойынша (заңнамада талап етілетіндерді қоспағанда) есептілік;
- егер бұл жұмыс көрсетілетін Аудиторлық қызметтермен интеграцияланған және сол негізгі шарттарда орындалған жағдайда, Қоғам/еншілес ұйым басшылығының тапсырмасы бойынша көрсетілетін қаржылық ақпарат/қаржылық бақылау бөлігінде кеңейтілген аудиторлық рәсімдерді көрсету бойынша қызметтер;
- Қор, қоғам немесе еншілес ұйым басшылығының тапсырмасы бойынша көрсетілетін Елеулі еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігіне қатысты қосымша аудиторлық рәсімдерді жүргізу жөніндегі қызметтер;
- заңнамада немесе бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарында болған өзгерістерді талдауды ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтер;
- салықтық кеңес беру бойынша көрсетілетін қызметтер;

- компаниялардың бірігуі мен қосылуы жөніндегі мәмілелерді сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтер;
- инвестициялық келісімдер мен проспектілер шеңберінде дайындалатын Қоғамның/еншілес ұйымның жария есептілігіне қатысты аудиторлық және басқа да көрсетілетін қызметтер;
- инвестициялық келісімдер немесе проспектілер шеңберінде Қоғам/еншілес ұйым басшылығының есептілікті растауы/дайындауы немесе ақпаратты ашу бойынша көрсетілетін қызметтер;
- Қоғамның/еншілес ұйымның қаржылық есептіліктен ерекшеленетін есептілігін растау бойынша көрсетілетін қызметтер (қоршаған орта бойынша есептілік, тұрақты даму бойынша есептілік және т.б.) жатады.
- климаттың өзгеруіне байланысты нормативтік және нарықтық факторларға, сондай-ақ физикалық Климаттық әсерлерге ден қою саласындағы консультациялар мен қолдау;
- EHS деректерін талдауды қоса алғанда, қоршаған орта, денсаулық және қауіпсіздік (EHS) бойынша кешенді тексеру, кеңес беру және кеңес беру қызметтері;
- қызметкерлердің әлеуетін бағалау құралдары мен құзыреттілік моделін әзірлеу;
- оқыту семинарларын, корпоративтік тренингтерді, біліктілікті арттыру курстарын өткізу бойынша қызметтер;
- еңбек нарығы бойынша жалақы мен өтемақыларға шолу жүргізу, эталондарды (метрикаларды) талдау бойынша қызметтер.

13. С-санатындағы Аудиторлық емес қызметтерге мынадай:

- кейінге қалдырылған салықты қоса алғанда, салықтарды есептеуге және/немесе есептіліктің салықтық нысандарын дайындауға байланысты салық қызметтері;
- салықтық жоспарлау бойынша қызметтер;
- бағалау жүргізуге байланысты салық қызметтері
- салық органдарына тексеру жүргізу кезінде сүйемелдеу көрсету бойынша қызметтер;
- салық дауларын шешуде көмек көрсету жөніндегі қызметтер;
- Қоғамның басқару шешімдерін қабылдауға немесе басқаруға қатысуға байланысты көрсетілетін қызметтер;
- бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті дайындау бойынша көрсетілетін қызметтер;
- Қоғам қызметкерлеріне жалақы есептеу және төлеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

- қаржылық ақпаратты дайындаумен және/немесе бақылаумен байланысты ішкі бақылау немесе тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және енгізу бойынша көрсетілетін қызметтер немесе қаржылық ақпараттық технологиялар жүйелерін әзірлеу және енгізу қызметтері;

- бағалау жүргізу, оның ішінде актуарлық міндеттемелерді бағалау немесе Қоғамның сот талқылауларымен байланысты міндеттемелерді бағалау бойынша көрсетілетін қызметтер;

- заң кеңесшісі көрсететін қызметтерді қоса алғанда, Қоғам атынан келіссөздер жүргізу, сот дауларын шешуде Қоғамның мүдделерін қорғау бойынша заң қызметтері;

- Қоғамның ішкі аудитін жүргізу бойынша көрсетілетін қызметтер;

- комплаенс саласында көрсетілетін қызметтер;

- Қоғам шығарған бағалы қағаздар проспектілеріне қатысты кепілгерлік хаттарды шығару сияқты қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық қызметтерді ұсынуды қоспағанда, капиталды қаржыландыруға, құрылымына және бөлуге, сондай-ақ Қоғамның инвестициялық стратегиясымен байланысты қызметтер;

- Қоғам акцияларын, қоғам шығарған борыштық және өзге де қаржы құралдарын ілгерілетуге, сатуға немесе андеррайтингке қатысты қызметтер және осындай акцияларға, борыштық міндеттемелерге немесе өзге қаржы құралдарына инвестициялар бойынша консультациялар беру;

- бухгалтерлік есепті жүргізуге және Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауға әсер ететін басшылық позицияларға қызметкерлерді іздеу және тестілеу бойынша көрсетілетін қызметтер;

- Қоғамның ұйымдық құрылымын айқындау бойынша көрсетілетін қызметтер;

- Қоғам шығындарын бақылау бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

5. Аудиторлық емес қызметтерді бекіту

14. Аудитор қоғамға/А және В санатындағы аудиторлық емес қызметтерді еншілес ұйымға көрсетуге мүдделі болған жағдайда, Аудитор аудит жөніндегі комитетке осындай қызметті көрсетуге рұқсат беру туралы сұрау салуды жібереді. Сұрау салу аясында Аудитор кем дегенде келесі ақпаратты көрсетуі керек:

1) көрсетілетін қызметтің толық сипатамасын;

2) болжамды қызмет көрсетуге байланысты төленуге жататын күтілетін сыйақыны;

3) рұқсат алу Аудитордың тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтіндігінің себептерін көрсете отырып, осы қызметті көрсету кезінде тәуелсіздіктің талдамасын;

4) осы қызметті көрсету кезінде Мүдделер қақтығысының болмауын растауды;

5) Осы саясаттың ережелеріне сәйкес Аудиторлық емес қызметтердің болжамды сыныптамасын көрсетуі тиіс.

15. Аудитор Қоғамға/еншілес ұйымға В-санатындағы Аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге мүдделі болған жағдайда, Аудитор алдыңғы қатарынан үш жыл ішінде Қоғамға көрсеткен Аудиторлық қызметтер үшін есептелген және төленген сыйақы бойынша қосымша ақпаратты Аудит жөніндегі комитетке беруге тиіс.

16. Аудит жөніндегі комитет Аудитордың сұрау салуын қарайды, Аудиторлық емес қызметтер сыныптамасының дұрыстығын тексереді және Аудиторға Аудиторлық емес қызметтер көрсетуге рұқсат беру/бермеу туралы шешім қабылдайды. Аудит жөніндегі комитет кеңесінің шешімі Аудиторға жіберіледі.

17. Осы Саясаттың 16-тармағы бойынша аудит жөніндегі Комитет қабылдаған шешімдер Директорлар кеңесіне мәлімет үшін ұсынылады.

6. Аудиторлық ұйым аудиторлық емес қызметтерді көрсету кезіндегі мүдделер қақтығысы

18. Сатып алу рәсімдерін жүргізу және Аудиторлық қызметтерді алу кезінде Қоғам мындай:

1) осы Аудиторлық ұйымнан бұрын алынған көрсетілетін қызметтердің сипаты;

2) қаржылық есептілікте қамтылатын кезең ішінде немесе одан кейін осы Аудиторлық ұйыммен қаржылық немесе іскерлік қатынастар салдарынан Аудиторлық ұйымның тәуілзідігіне қауіп-қатердің туындау мүмкіндігін қарастыруы тиіс.

Аудиторлық ұйым үшін өзін-өзі тексеру қатерін болдырмау немесе оны қолайлы деңгейге жеткізу үшін Қоғам шаралар қолданбаған немесе қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, Қоғам осындай Аудиторлық ұйымнан аудиторлық қызметтерді ала алмайды.

19. Заңда көзделген жағдайларда Аудиторлық ұйымға Аудиторлық қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

20. Мынадай:

1) Аудиторлық ұйымда қатысушылардың көпшілігі Қоғамның бәсекелестері болып табылатын бірлескен кәсіпорындар немесе ұқсас бірлестіктер болған кезде;

2) Аудиторлық ұйым Қоғамға және мүдделері қайшылықты немесе мәселелер, операциялар және проблемалар бойынша бір-бірімен пікірсайыс және пікірталас жағдайында болатын басқа да ұйымдарға қызмет көрсеткен кезде, Қоғам Аудиторлық ұйымнан алатын қызметтер объективтілік пен құпиялылық принциптерін бұзбауы керек.

7. Мерзімді есептілік

21. Жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 31 қаңтарына дейінгі мерзімде еншілес ұйымдар жауапты құрылымдық бөлімшеге аудиторлық ұйымдар көрсеткен және алдыңғы есепті жылғы жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар туралы ақпарат береді.

Еншілес ұйымдар ұсынатын ақпаратты олар аудиторлық ұйымдармен алдын ала келісуі және еншілес ұйымның аудит жөніндегі комитеті/Байқау кеңесі немесе өзге де уәкілетті орган (Аудит жөніндегі комитет еншілес ұйымда болмаған жағдайда) мақұлдауы/ қарауы тиіс.

22. Жыл сайын, есепті жылдан кейінгі 1 наурызға дейінгі мерзімде жауапты құрылымдық бөлімше аудиторлық ұйымдарға осы Саясатқа қосымшаға сәйкес қоғамға/еншілес ұйымға аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден есептелген кірістерді растауды ұсыну қажеттігі туралы сұрау салуды жібереді.

Аудиторлық ұйымдардың қоғамға аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер көрсетуден түсетін ағымдағы кірістер туралы ақпаратты жыл сайын беру жөніндегі міндеттемесі топқа "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде "Самұрық-Қазына" АҚ тиесілі заңды тұлғалардың, ұйымдардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне 13-қосымшаның талаптарында көзделген "Самұрық-Қазына" меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында.

23. Есепті жылдан кейінгі 20 наурыздан кешіктірілмейтін мерзімде бухгалтерлік есеп және сыртқы аудитор мен өзара іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін қоғамның басшысы аудит жөніндегі комитетке алдыңғы есепті жылдағы ақпаратты қамтитын есепті қарауға ұсынуды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) Аудитор Топқа көрсеткен Аудиторлық қызметтердің көлемі;

2) Аудитор Топқа көрсеткен Аудиторлық емес қызметтердің көлемі (Аудиторлық емес қызметтер түрлері бойынша бөліп);

24. Жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызына дейінгі мерзімде жауапты құрылымдық бөлімше Қордың бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті дайындауға жауапты құрылымдық бөлімшесіне аудиторлық ұйымдар көрсеткен және алдыңғы есепті жылдағы жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер бойынша шығыстар туралы ақпаратты витринада ұсынады "Аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер".

Қорға берілетін ақпарат аудиторлық ұйымдармен алдын ала келісілуі және аудит жөніндегі комитет мақұлдауы/қарауы тиіс.

25. Сондай-ақ, Бухгалтерлік есеп және сыртқы аудитор мен өзара іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін қоғам басшысы аудит жөніндегі комитетке Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында жариялауға қарауға және бекітуге мынадай ақпарат береді:

1) топтың Аудиторға алдыңғы есепті жыл үшін аудиторлық қызметтер көрсеткені үшін төлеген сыйақысы;

2) алдыңғы есепті жыл үшін аудиторлық емес қызметтер көрсеткені үшін топтың Аудиторға Төлеген сыйақысы (аудиторлық емес қызметтердің түрлері бойынша бөлуде).

26. Аудит жөніндегі комитет жариялау туралы қабылдағаннан кейін жауапты құрылымдық бөлімше есепті жылы аудитор қоғамға көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпаратты қоғамның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыруға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесіне жібереді.

8. Жоба бойынша серіктесті ротациялау

27. Қоғам Аудитордан әрбір 5 (бес) жыл сайын жоба бойынша серіктесті (аудит үшін негізгі жауапкершілікті мойнына алатын) ротациялау қағидатын ұстануды талап етуге тиіс.

28. Аудитор осы нәтижеге қол жеткізу жөніндегі сабақтастық жоспарын әзірлеп, ротация жүргізілгенге дейін кемінде бір жыл бұрын қарау үшін Қоғамның Аудит жөніндегі комитетке және сыртқы аудитормен бухгалтерлік есеп және өзара іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін Қоғамның басқарушы директорына ұсынуға тиіс.

9. Аудитордың қызметкерлерін Қоғамға жұмысқа алу

29. Егер Аудитордың қызметкері ретінде Қоғамның/еншілес ұйымның міндетті аудитіне қатысатын немесе ол Қоғамға/еншілес ұйымға тағайындалған (сайланған) күннің алдындағы екі жыл ішінде Аудитор қызметкері ретінде Қоғамның/еншілес ұйымның міндетті аудитіне қатысқан адамды Қоғам/еншілес ұйым Басқармасының мүшесі, Басқарушы директоры, бас бухгалтері немесе ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына тағайындау (сайлау) көзделсе, Мүдделер қақтығысын болғызбау мақсатында, оны тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарау үшін, ұсынылып отырған кандидат бойынша Қоғамның аудит жөніндегі комитетінен кеңесінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

10. Аудитордан жыл сайынғы растау

30. Аудитор жылына кемінде бір рет аудит жөніндегі комитетке мыналарды растайды:

- Аудитордың тәуелсіздігі сақталғанын;
- Аудитор, оның серіктестері мен аудиторлық топ мүшелерінің Қоғамда ешқандай қаржылық мүдделері жоқ екендігін;
- осы Саясатта көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам мен Аудитор арасында қызмет көрсетудің ешқандай өзге жағдайлары жоқ екендігін;
- Қоғам Аудиторға төлейтін сыйақының ешқандай бөлігі төтенше жағдайлардың туындауы негізінде төленбейтінін;
- аудитордың көрсетілген қызметтер тобы бойынша алған немесе алуға болжанатын сыйақының жалпы сомасы, оның шегі аудитордың жалпы табысының 15 пайызынан аспауға тиіс, аудитордың қоғамнан немесе топтан қаржылық тәуелсіздігіне елеулі әсер еткен жоқ;
- Қоғам мен Аудитор арасында ешқандай дау жоқ екендігін.

11.Қорытынды ережелер

31. Осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылуға жатады.

32. Осы Саясатта баяндалған талаптардың өзектілігі мезгіл-мезгіл бағаланып отыруы тиіс.

33. Қоғамның аудит жөніндегі комитеті қажеттілігіне қарай, осы мақсаттар үшін Ішкі аудит қызметін тарту мүмкіндігімен Саясат талаптарын сақтау мәселелерін қарайды.

Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы "Samruk-Kazyna Construction" ақ саясатына қосымша

Аудиторлық ұйым көрсеткен аудиторлық аудиторлық емес қызметтер бойынша сұрау салу нысаны

№	Аудиторлық ұйым көрсеткен қызметтердің атауы				Шарт валютасы	Жиынтық табыс туралы есепте көрсетілген аудиторлық ұйымның қызметтер көрсетуінен шығыстар/кірістер (аудитор үшін) ҚҚС-сыз, мың теңгемен			Жиынтық табыс туралы есепте ҚҚС-сыз, шарт валютасында көрсетілген аудиторлық ұйымның қызметтер көрсетуінен шығыстар/кірістер (аудитор үшін)			Аудиторлық ұйымның қызмет көрсетуі не ақы төлеу сомасы, ҚҚС-сыз, теңгемесі	Аудиторлық ұйымның қызмет көрсетуі не ақы төлеу сомасы, с ҚҚС, теңгемесі	Аудиторлық ұйымның қызмет көрсету ақысын теңгемесі не төлеу күні	Пікір	
	Аудиторлық қызметтер		Аудиторлық емес қызметтер			Есепті жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін)	Есепті жылдан кейінгі 2 (екі) жыл (жасалған келісімшарттар негізінде күтілетін)		Есепті жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін)	Есепті жылдан кейінгі 2 (екі) жыл (жасалған келісімшарттар негізінде күтілетін)		Есепті жыл (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін)				
	Шарттың нөмірі мен күні	Аудиторлық қызметтің атауы (шолу / аудит/ басқа)	Шарттың нөмірі мен күні	Аудиторлық емес қызметтің атауы			20__ жыл (қаңтардан желтоқсанға дейін)	20__ жыл (қаңтардан желтоқсанға дейін)		20__ жыл (қаңтардан желтоқсанға дейін)	20__ жыл (қаңтардан желтоқсанға дейін)					
																басқа Пікірлер